

«Все эвакуаторы Казахстана»
ЖШС
бас директоры А.Б.
Бердимуратовтың 2023 жылғы
«09» маусымдағы № 2-007
бұйрығымен бекітілген.

(қолы М.О.)

«Жолдардағы техникалық көмек» карталары бойынша абоненттік қызмет көрсету шартын жасауға арналған оферта

Осы офета «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС-ның осы Офертада келтірілген талаптарда «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС-мен Шарт жасау үшін қажетті уәкілеттіктерге ие кез келген әрекетке қабілетті жеке немесе құқыққа қабілетті заңды тұлғаның атына ресми ұсынысы (жария офертасы) болып табылады. Оферта Шарттың және абоненттік қызмет көрсетудің барлық талаптарын қамтиды.

1-БӨЛІМ. ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

1.1 Егер осы Оферта мәтінінде өзгесі көрсетілмесе, терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие:

- **Автомобиль жолы** – көлік құралдарының қозғалысына арналған және автомобиль жолының бөлінген алап шекарасындағы жер телімдерінен тұратын көлік инфрақұрылымының объектісі және солардың үстінде немесе астында орналасқан конструктивті элементтерді (жол төсемі, жол жабыны және осы сияқты элементтер) және оның технологиялық бөлігі болып табылатын жол құрылыстары, - қорғанысты жол құрылыстары, жасанды жол құрылыстары, өндірістік объектілері, автомобиль жолдарын жайластыру элементтері.

- **Автомобиль немесе Электромобиль (КК)** – Абонентке заңды негізде тиесілі, жолда адамдарды және (немесе) сонда орнатылған жабдықты тасымалдауға арналған, тиісті стандарт талаптарына, техникалық пайдалану ережелеріне, дайындаушы зауыттардың нұсқаулықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының ПМ органдарында тіркелген басқа да нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келетін, Абонентпен Карта сатып алу кезінде көрсетілген, Компаниямен Шартта белгіленген тәртіпте және талаптарда көрсетілетін жұмыстар мен (немесе) қызметтер объектісі болып табылатын көлік құралы, төмендегілерді қоспағанда:

- мопедтер мен велосипедтер;
- бүйірлік тіркемесі бар автомобильдер;
- үш дөңгелекті механикалық көлік құралдары;
- шығарылған сәтінен бастап отыз жылдан астам уақыт өткен автомобильдер, сондай-ақ жалпы тиражбен жүз данадан кем шығарылған көлік құралдары;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелмеген автомобильдер (Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда).

- **Абоненттік кезең** – уақыты Шарт жасалған күннен басталатын 1 (бір) айға тең уақыт аралығы. Абоненттік кезең бірінші Абоненттік кезең басталған сәттен бастап алдыңғы Абоненттік кезеңнің әрекет ету мерзімі біткен күні қолданылған деп саналады. Әрекет ету мерзімі Офертаның 5.2-тармағында келтірілген бірінші Абоненттік кезеңді қоспағанда, алдыңғы Абоненттік кезеңнің соңғы күні келесі Абоненттік кезеңнің бірінші күні де болып табылады.

- **Абоненттік төлем (Төлем)** – Абонентпен таңдалған Тариф құны мөлшерінде енгізілетін ақшалай қаражат. Төлем Абонентпен оған Компаниядан жұмыстар немесе қызметтер көрсетуіне талап

ету құқығы берілетін Абоненттік кезеңдер үшін ақы ретінде енгізіледі. Белгілі бір Абоненттік кезең үшін Абоненттік төлем мөлшері нақты көрсетілген жұмыстар немесе қызметтер көлеміне тәуелсіз айнаымалы шама болып табылады. Абоненттік төлем делдалдық жасау кезінде Оферта акцептін білдірген Абоненттермен шарттар жасалатын Компания Серіктестерінің делдалдық қызметтерінің құнын қамтиды.

- **Акцепт** – потенциалды Абоненттің Төлем енгізу арқылы Шарт бағасын төлеуі. Акцепт Абоненттің Оферта шарттарымен толық әрі сөзсіз келісімі болып табылады, ал Оферта Акцептімен Шарт Офертада келтірілген талаптарда жасалған болып саналады.

Абонент бастамасы бойынша Шарт талаптарына сәйкес, Картаны пайдалануға үшінші тұлға тартылған жағдайда, қызметтерді көрсетуге қатысты мұндай үшінші тұлға тиісті қызметтер талап етілген және (немесе) осындай үшінші тұлғаға Шартпен көзделген тәртіпте айырбаталатын автомобиль берілген сәттен бастап Оферта талаптарына қосылған болып саналады.

- **МЖҚҚИ** – Мемлекеттік жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы.

- **Шарт** – Офертамен көзделген талаптарда Абонент пен Компания арасында жасалған келісім.

- **ЖКО** – жол-көлік оқиғасы.

- **Абонент сұрауы** – Шартпен көзделген нысанда және тәртіпте жасалған, жұмыс немесе қызмет алуға қажетті барлық ақпаратты қамтитын Шарт талаптарына сәйкес, Абонентпен талап етілген жұмыс немесе қызмет алуға бағытталған Абонент өтініші.

- **Инцидент** – Автомобильге оның өз бетінше қозғалыс жасау ықтималдығын жоққа шығаратын механикалық зақымдар келтірілген, немесе осындай қозғалыс қосымша механикалық және (немесе) өзге де зақымдардың туындауына, немесе зиян келуіне алып келетін, Абоненттік қатысуымен Автомобильге жолында Автомобиль қозғалысы нәтижесінде туындаған оқиға. Инцидент деп Шарт жасалғаннан кейін және Абоненттің Компанияға тікелей жүгінер алдындағы оқиғаны санауға болады.

- **Техникалық көмек картасы (Карта)** – Абоненттің Компаниядан Шарт бойынша жұмыстар немесе қызметтер алу құқығын растайтын, қағаз, пластик немесе электрондық түрдегі құжат.

Компания Клиенті (Абонент) – Шарт Бағасын төлеу арқылы осы Оферта талаптарына Акцепт жасаған тұлға.

- **Компания** – Компания – «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС (мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Бұхар Жырау бульвары, 26/1 «Evolution» БО, 2-қабат, 12-кеңсе, Пошта индексі 050021, БСН: 191040021745, тел.: +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16, сайт www.all-evak.kz).

- **Тариф** – Компаниямен Абонентке көрсетілетін жұмыстар мен қызметтердің атауы, көлемі және шарттары. Абоненттік карталар толтырылуына қарай әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан әр нақты Абонентпен жасалатын шартқа Офертаның осы Абонент Тарифіне енгізілген жұмыстар мен қызметтер бойынша ғана талаптары жатады.

- **ААЖМС** – автоазаматтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру.

- **Компания Серіктесі (Серіктес)** – Абонент болып табылмайтын, Шарт жасау және (немесе) одан кейін орындау мақсатында Компания мен Серіктес арасында жасалған келісімдермен көзделген негізде және тәртіпте Компаниямен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлға.

- **ЖҚЕ** – жол қозғалысы ережелері.

- **Карта пайдаланушы** – Абоненттің өзі және (немесе) онымен Компания келісімімен тартылған Картаға енгізілген белгілі бір қызметтерге тапсырыс беруге құқылы үшінші тұлға.

- **АТҚКС** – автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясы.

- **Тарап** – Абонент немесе Компания жеке.

- **Тараптар** – Абонент және Компания.

Эвакуатор – Компанияға немесе Компания Серіктесіне тиесілі, осы мамандандырылған автомобиль құралын пайдалану нұсқаулығының талаптарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте толық немесе жартылай тиеу немесе сүйреу арқылы басқа көлік құралдарын тиеуге, түсіруге және тасымалдау үшін техникалық және конструктивті түрде арналған мамандандырылған автомобиль құралы. Эвакуаторларға, Шарт мақсатында техникалық көлік құралдары теңестірілуі мүмкін.

2-БӨЛІМ. ШАРТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР. ШАРТ МӘНІ

2.1 Осы Оферта талаптары негізінде жасалатын Шарт бойынша Компания ақылы түрде Абонентке соның Сұрауы бойынша Тарифке енгізілген жұмыстарға (қызметтерге) тапсырыс беру сервисіне (әрі қарай – «Сервис») қолжетімділік беруге міндеттеледі. Сервиске қолжетімділік Абонентке Шарт жасалған сәтте берілген болып саналады.

2.2 Абонентке көрсетілетін жұмыстар (қызметтер) көлемі Картада бар және таңдалған Тарифке байланысты. Барлық ықтимал жұмыстар (қызметтер) сипаттамасы Офертаның 3-бөлімінде қамтылады.

2.3 Жұмыстар (қызметтер) Компанияның өзімен де, Компаниямен тартылған үшінші тұлғалармен де көрсетілуі мүмкін. Абонент Компаниямен тартылатын үшінші тұлғалардан Шарт бойынша орындауды қабылдауға міндетті.

2.4 Тараптар Шартты сол бойынша Абонент Компанияға Тарифпен көзделген жұмыстарды (қызметтерді) алу үшін жүгінуге құқылы абоненттік кезеңі 1 (Бір) күнтізбелік күнді қамтитын, азаматтық заңнама ережелерімен реттелетін талап (абоненттік шарт) бойынша орындалатын шарт деп таниды.

2.5 Тараптар Шартты сол бойынша Абонент қандай да бір ерекшеліктер мен ескертпелерсіз сонда келтірілген талаптарға қосылатын, азаматтық заңнама ережелерімен реттелетін қосылу шарты деп таниды.

2.6 Тараптар Шартты қатарынан қызметтерді ақылы көрсету шарты мен мердігерлік шартты (аралас шартты) қамтитын шарт деп таниды. Оферта мәтіні бойынша «жұмыстарды орындау» және «қызметтер көрсету» тұжырымдамалары өз мағынасында бірдей.

2.7 Шарт жасалған сәттен бастап Абоненттік кезеңдер өте бастайды, соның ішінде Абонент өзіне Тарифке енгізілген жұмыстар мен (немесе) қызметтердің көрсетілуі үшін жүгінуге құқылы. Бұл ретте Абонентпен қандай да бір жұмыстар және (немесе) қызметтер талап етілген-етілмегеніне қарамастан, Шарт мәні, яғни Сервиске қолжетімділік беру орындалған болып саналады.

2.8 Абоненттер Компаниядан бұрын Карталарды сату кезінде Компания атынан әрекет етпейтін басқа тұлғалармен (соның ішінде Серіктестермен) сатып алынған Карталарды сатып алған жағдайда, бұл Оферта Абонент пен Компанияға тек Сервис көрсету ұғымдарына, тәртібіне, талаптарына және шектеулеріне қатысты қолданылады. Абонентпен қатынаста Компания Картаның нақты сатушысымен азаматтық заңнамаға сәйкес міндеттемелерді орындау жүктелген үшінші тұлға болып табылады. Аталған жағдайда Шартты бұзу мәселелері тікелей Абонент пен осындай үшінші тұлға (соның ішінде Серіктестер) арасында шешіледі.

2.9 Жұмыстар (қызметтер) Қазақстан Республикасының аумағында көрсетіледі. Абонентке орынды мерзімде қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, Компания тиісті қызмет көрсетудің орнына Абонентке онымен төленген ақшалай қаражат бөлігін көрсетілмеген қызметке сәйкес өтеуге құқылы. Өтемақы мөлшері Тараптармен келіссөздер арқылы бөлек шешіледі, мұндай жағдайда Тараптар арасында қосымша жазбаша құжаттар ресімдеу талап етілмейді, ал тиісті келісімге қол жеткізу фактісін Тараптардың келіссөздерін жазып алу арқылы растауға болады.

3-БӨЛІМ. АБОНЕНТ СҰРАУЫ.

ТАРИФКЕ ЕНГІЗІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР (ЖҰМЫСТАР)

3.1 Шарт жасалған күннен кейінгі күннен бастап Абонент Компанияға өзі талап ететін қызмет (жұмыс) үшін жүгінуге құқылы. Абонент сұраулары Компанияның тәулік бойғы бірыңғай операторлық қызмет телефонны арқылы қабылданады: +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16 (байланыс орталығы). Егер Картамен көзделсе, Абонент сұраулары басқа да тәсілдермен қабылдануы мүмкін.

3.2 Тарифтер шеңберінде Сервис келесі жұмыс (қызмет) түрлерін қамтуы мүмкін:

3.2.1 **«Автоконсьерж сервисі» қызметі** – басқа қалада автомобиль қызметі орындаушыларын іздеудегі ауызша анықтамалық-кеңес беру көмегі.

3.2.2 **«Апаттық комиссар» қызметі** – Абонент басқаруындағы Автомобильдің қатысуымен болған ЖКО жағдайында беріледі. Қызмет мыналарды қамтиды:

- 1) ЖКО орнына апаттық комиссарды шақыру;
- 2) ЖКО-ға құжаттар ресімдеуде көмек көрсету, сақтандыру оқиғасын ресімдеу.

Қаланың әкімшілік шекарасы шегіндегі ЖКО орнына Компания маманының (апаттық комиссардың) келу уақыты көп дегенде екі сағатты құрайды, ал қаладан тыс жерлерде - ақылға қонымды қысқа мерзімдерде.

Сақтандыру компаниясында Абонент мүдделерін білдіру апаттық комиссармен жүзеге асырылмайды.

3.2.3 **«Автомобиль сатушысымен келіссөздер жүргізу» қызметі** – Автомобиль сатушысымен қашық форматта Автомобиль сапасына байланысты дауларды реттеу мақсатындағы келіссөз барысында Абонент мүдделерін білдіруді қамтиды.

Қызмет тек Абоненттің жазбаша өтініші бойынша көрсетілуі мүмкін. Абонент өтінішіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Абонент атынан келіссөздер жүргізуге сенімхат қоса тіркелуі тиіс.

3.2.3¹ **«Медициналық шығындарды өтеу» қызметі** – егер Медициналық шығындар Абонентпен Автомобильдің және (немесе) ЖКО кезінде Автомобильде Абонентпен бірге болған үшінші тұлғалардың қатысуымен орын алған ЖКО салдарынан алынған жарақаттарынан немесе өзге де зақымдарынан туындаса, Компания есебінен Абоненттің емделуге, медициналық жабдық немесе дәрілік заттар (әрі қарай – Медициналық шығындар) сатып алу шығындарының өтелуін жүзеге асыру. Қызмет шеңберінде Медициналық шығындарды өтеу лимиті Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде 52 000 (елу екі мың) теңге сомадан аспауы тиіс.

3.2.4 **«Автомобильдің заң тазалығын кешенді түрде тәуелсіз тексеру» қызметі** – Автомобильге қатысты тіркеу әрекеттеріне, айыппұлдарға, кепілге және басқа да ауыртпалықтарға тыйымдарды анықтау мақсатында Компанияның операторлық қызмет күштерімен Автомобильдің тексерілуі.

3.2.5 **«Финომбудсменмен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша кеңес беру» қызметі** – Компанияның операторлық қызмет күштерімен Абоненттің кредиттік шартын жасауға және орындауға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасындағы Қаржылай уәкілетті тұлғамен өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы анықтамалық ақпараттың берілуі.

3.2.51 **«Зақымдарды бағалау арқылы тәуелсіз сараптама жүргізу» қызметі** – Абонент сұрауы бойынша Компания күштерімен немесе Компаниямен тартылған үшінші тұлға күштерімен Абонентке келтірілген зиян сомасын анықтау мақсатында ЖКО-ға ұшыраған және тұтынушылық қасиеттерінен айылған Автомобильдің жай-күйіне жүргізілетін сараптама. Офертаның осы тармағында келтірілген қызмет Абонентпен нақты берілген құжаттарды ескере отырып көрсетіледі, ал сараптама алдында тек бір сұрақ қойылуы мүмкін. Офертаның осы тармағына сәйкес, сараптама шеңберінде тек сыртқы зақымдар бағаланады. Егер Офертаның осы тармағында келтірілген қызмет сомасы 52 000 (елу екі мың) теңгеден асып кетсе, Компания Клиентке осы аталған қызметті көрсетуден біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

3.2.6 **«КҚ-ны қар астынан қазып алу/әйнектерді тазалау» қызметі** – қауіпсіз режимде қозғалысты жалғастыру жағдайын жасау мақсатында Автомобильді қар жамылғысынан (тұтқыннан) алып шығуға байланысты әрекеттер.

Автомобиль көз жететін жерде болған жағдайда, қызмет тиісті ауа-райы құбылыстары өткеннен кейін көрсетіледі.

3.2.7 **«Отын жеткізу» қызметі** – Автомобильге келесі тәсілдердің бірімен отын (газ отынынан басқа) құю қызметі:

1) Автомобильді пайдалану және қызмет көрсету талаптарында белгіленген осы процедура талаптарын сақтай отырып, мөлшері 20 (жиырма) литрден аспайтын тиісті түрдегі отынды тікелей құю немесе

2) Абоненттің Автомобильмен бірге немесе одан бөлек тиісті отын түрі бар жақын автомобиль құю станциясына жеткізілуін қамтамасыз ету (Абонент Автомобильсіз жеткізілген жағдайда, Абонентті Автомобильге кері жеткізу де жүзеге асырылуы мүмкін) және Автомобильге отын құюға көмектесу.

Абонент құю станциясына дейін және кері қарай Автомобильден бөлек жеткізілген жағдайда, көмек 20 литрден аспайтын отынды жеткізуде көрсетіледі.

Отын құны құю станциясында белгіленген баға бойынша немесе орташа нарықтық баға бойынша қызмет көрсету сәтінде Абонентпен қосымша төленеді (отын Автомобильге тікелей тасымалданған жағдайда).

«Отын тасымалдау» қызметі аптасына 1 (бір) реттен артық көрсетілмеуі тиіс.

3.2.8 «Ауыстырылатын автомобиль» – ауыстырылатын автомобиль беру. Қызмет тәулігіне 15 000 (он бес мың) теңге лимитіне сүйене отырып көрсетіледі, ауыстырылатын автомобиль беру – 2 (екі) күнтізбелік күнге және жүрілген жолы күніне 100 (жүз) километрден аспауы тиіс.

Қызмет эвакуацияланған Автомобильді АТҚКС-ға келгеннен кейін 18 (он сегіз) сағат ішінде көрсету мүмкін болмаған және АТҚКС-да ауыстырылатын автомобиль болған жағдайда көрсетіледі.

Қызмет Абонент атына көлік құралын басқару сенімхаты берілген жағдайда көрсетілуі мүмкін. Сенімхат үлгісі тиісті қызметке тапсырыс беру кезінде АТҚКС қызметкерлерімен немесе Компания операторларымен беріледі. АТҚКС ауыстырылатын автомобиль иесі ретінде арнайы талаптары болған жағдайда, АТҚКС Абонентпен экипажсыз көлік құралын өтеусіз жалға беру шартын жасауды қосымша талап етуге құқылы.

3.2.9 «Автомобильді АТҚКС-ға Абонентсіз жеткізуді ұйымдарыға көмектесу» қызметі – қызмет Абонентте көлік құралын үшінші тұлғаларға беруге немесе Эвакуаторды пайдалану арқылы (жартылай тиеу әдісі немесе қатты тіркеу) рұқсат ететін ААЖМС полисі болған жағдайда беріледі. Абонент АТҚКС-ға өзі жазылған жағдайда, Абонент Автомобилі техникалық қызмет көрсету станциясына жеткізіледі және қабылдау- беру актісі бойынша АТҚКС қабылдаушы-шеберіне беріледі. Қызмет Эвакуатор пайдаланбай, бірақ Абоненттің қатысуынсыз көлік құралын басқаруды жүзеге асыратын Компания Серіктесін тарту арқылы көрсетілген жағдайда, Абонент жол жүру кезінде көлік құралын басқаруға тиісті сенімхат беруі тиіс. Сенімхат үлгісі тиісті қызметке тапсырыс беру кезінде Компания операторларымен беріледі.

Қызметті Компания серіктесі көрсеткен жағдайда, Компания Абонент мүлкіне ықтимал зиян келтірілгені үшін жауап бермейді, ал осындай зиянды өтеуге байланысты мәселелер тек Абонент пен нақты қызмет орындаушы – Компания серіктесінің арасында шешіледі.

Қызмет жылына көп дегенде 1 (рет) көрсетіледі.

3.2.10 «Эвакуацияланған Автомобильді іздеуге көмектесу» қызметі – Компанияның операторлық қызмет күштерімен Компания орналасқан аймақтағы анықтамалық ақпарат түрінде беріледі.

3.2.11 «МЖҚҚИ айыппұлдарын тексеру» қызметі Абонентке Компанияның операторлық қызмет күштерінің Абоненте Автомобильді пайдалануға байланысты айыппұлдары бар екені туралы анықтамалық ақпарат беруін қамтиды.

3.2.12 «ЖКО кезінде анықтамалар жинау» қызметі – ішкі істер органдарында (ИО) сақтандыру жағдайларының белгілері бар оқиға орын алғаннан кейін сақтандыру компаниясына беруге қажетті құжаттарды алу. Қызмет ішкі істер органдарында (ИО) Абоненттің өзі немесе өкілі болуы талап етілген жағдайда көрсетілмейді. Компаниямен тартылған орындаушылармен қызмет көрсетілуі үшін Абонент атынан нотариалды немесе қарапайым жазбаша сенімхат талап етілуі мүмкін. Сенімхат үлгісі Абонентке тиісті қызметке тапсырыс беру сәтінде талап бойынша беріледі.

3.2.13 «Гидрометеорологиялық орталық анықтамасы» қызметі – егер Абонент сұрауы кезінде сақтандыру компаниясына беру үшін қажет болса, Қазақстан Республикасының Гидрометеорологиялық орталығында сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған жердегі ауа райы жағдайлары туралы анықтама алу.

3.2.14 «Әуежайға такси» қызметі – Компания күштерінің Абонентті оған жақын әуежайға жеткізу мақсатында таксиге тапсырыс беруі. Қызмет Абонентке көп дегенде жылына 1 (рет) беріледі.

3.2.15 «КҚ бұзылған/эвакуацияланған жағдайдағы такси» қызметі – тек Автомобильдің қатысуымен ЖКО орын алған жағдайда және/немесе Автомобильді өз бетінше жылжыту мүмкін емес ақаулық кезінде көрсетіледі. Қызмет 5000 (бес мың) теңге лимитті ескере отырып көрсетіледі.

Кейін қызметке соңғы рет қызмет көрсетілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кейін ғана тапсырыс беруге болады.

3.2.16 «Техникалық кеңес беру» қызметі – Автомобильде қозғалысты жалғастыру мүмкін болмауына алып келген ақаулық пайда болған жағдайда Абоненттің өз бетінше жасалатын әрекеттері бойынша техникалық нұсқау.

3.2.17 «Техникалық көмек» қызметі келесі қызмет түрлерін қамтиды:

1) Автомобиль АКБ-на арнайы құралдар пайдаланбай-ақ қол жеткізу мүмкін болған жағдайда, Автомобиль қозғалтқышын, соның ішінде кем дегенде бір сыртқы қуат көзін іске қосу шараларын жүргізу;

2) Автомобиль дөңгелегін ауыстыру жұмыстары, соның ішінде жұлынып қалған/ақаулы бекіткіш бұраңдамалар/сомындар немесе дөңгелекті бекітетін басқа да жүйелер мен механизмдер болмаған жағдайда, физикалық мүмкіндік болған жағдайда Автомобильдің штаттық құралын пайдалану арқылы, және Автомобиль дөңгелегін басқа арнайы құрылғылар пайдаланбай алу (Абонентте болмаған жағдайда) мүмкіндігін болдырмайтын арнайы құрылғылар болмаған жағдайда, Автомобиль дөңгелегін штаттық қосалқы дөңгелекке тікелей ауыстыру;

3) арнайы құралдарды пайдалануды немесе автомобиль түбіндегі немесе капот астындағы кеңістіктегі жұмысты қажет етпейтін сол орындағы диагностика және ұсақ жөндеу (оқиға орнына көмек көрсету үшін келген техникалық маман күштерімен жүзеге асырылады);

4) шамдар мен сақтандырғыштарды ауыстыру Абонентте шамдар және/немесе сақтандырғыштар болған жағдайда оқиға орнына көмек көрсету үшін келген техникалық маман күштерімен жүзеге асырылады;

5) сигнализацияны өшіру оқиға орнына көмек көрсету үшін келген техникалық маман күштерімен жүзеге асырылады;

6) Автомобиль есіктерін, жүксалғышын ашу. Автомобильдің конструктивті ерекшеліктері осы жұмысты жүргізуге мүмкіндік берген жағдайда, оқиға орнына көмек көрсету үшін келген техникалық маман күштерімен жүзеге асырылады.

Егер өзгесі қызметке тапсырыс беру кезінде Тараптармен келісілмесе, қызмет көрсету кезінде шығыс және жанар-жағармай материалдарын Абонент береді. Абонентке ауыстыру қажет материалдар болмаған жағдайда, Серіктес материалдарын ұсынуға болады (ол туралы Серіктес Инцидент орнына келгенге дейін Абонентпен хабардар етілуі тиіс). Серіктеспен берілген шығыс және жанар-жағармай материалдарын төлеу Шарт құнына кірмейді және Абонентпен Серіктес белгілеген баға бойынша және әдетте ұқсас жағдайларда осы қызметтер нарығында ұсынылатын тиісті баға бойынша қызмет көрсету сәтінде қосымша төленеді.

Егер де Абонент Серіктесті материалдар беру қажеттілігі туралы хабардар етпесе және Серіктесте қажетті материалдар болмаса, Абонент ауыстырудан бас тартуға немесе өзіне салдарлар мен тәуекелдер үшін жауапкершілік қабылдай отырып, Серіктесте бар салыстырмалы материалдарды пайдалануға келісуге құқылы. Аталған жағдайда Абоненттің шешіміне қарамастан, қызмет Абонентке тиісті түрде көрсетілген болып саналады.

«Техникалық көмек» қызметі көп дегенде аптасына 1 (рет) көрсетілуі мүмкін.

3.2.17¹ «**Көшпелі шиномонтаж (маусымдық)**» – қызмет дөңгелектерді маусымдық ауыстыру кезінде көрсетіледі. Қызмет мыналарды қамтиды: дөңгелектерді алу, жаңа резеңкені бөлшектеу және монтаждау, дөңгелектерді теңестіру, шиналарды жөндеу және дискілерді түзету, дөңгелектерден секреткаларды алу. Бұл қызметке өтініш беру тек 3 (үш) күн ішінде жүзеге асырылады. Қызмет көп дегенде жылына 1 (бір) рет беріледі.

3.2.17² «**Абонентті және (немесе) зардап шегуші тұлғаларды ЖКО орнынан жақын маңдағы емханаларға тасымалдау**» қызметі – Компания күштерінің немесе тартылған Серіктестің Абонентті және (немесе) онымен Автомобильде болған үшінші тұлғаларды ЖКО орнынан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қарауындағы жақын емханаға тасымалдау, осындай тасымалдау Абоненттің және (немесе) аталған үшінші тұлғалардың денсаулық жағдайы бойынша қажет болса. Қызмет Автомобильді тасымалдауды көздемейді.

3.2.18 «**Трансфер және қонақ үйде тұру**» қызметі – Абонентке сапарды жалғастыруға және/немесе үйге, жөндеу орнына қайтуға көмектесу. Егер ақаулық салдарынан Автомобиль Абоненттің тұрғылықты жерінен немесе орналасқан пунктіден 200 (екі жүз) километрден асатын қашықтықта орналасқан АТҚКС-ға эвакуацияланса, және Автомобильді жөндеуді дәл сол күні аяқтау

мүмкін болмаса, онда Компания Абоненттің талабы бойынша оның жоспарланған (Абонентпен құжат түрінде расталған) бағытта сапарын жалғастыруы үшін, сондай-ақ кейін Автомобиль орнына немесе үйіне және кейін Автомобильді жөндеу орнына қайтуы үшін оған Абонент пен оның Автомобильдегі жолаушыларының билет құнының жиынтық лимитімен, 130 000 (жүз отыз мың) теңгеге дейін теміржол билеттерінің немесе эконом кластағы әуе билеттерінің (егер белгіленген пунктке дейінгі қашықтық 600 (алты жүз) километрден аспаса) немесе қонақ үйде 2 (екі) күннен аспай 78 000 (жетпіс сегіз мың) теңге лимитке дейін тұру шығындарын өтейді.

3.2.19 «Сау жүргізуші» қызметі – Автомобильді Абоненттің қатысуымен Инцидент орын алған елді мекеннің әкімшілік шекарасы шегінде шақыру пунктінен белгіленген пунктке дейін апару мақсатында жүргізуші ұсыну. Белгіленген және келісілген сапар уақытынан кейін Абонентті ең көп күту уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды. Компания орындаушысы Абонентті ұзағырақ күткен жағдайда, Абонент Компанияға жалған шақырғаны (тапсырыс) үшін 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде төлеуге міндетті. Абонент жалған шақырғаны үшін төлемеген жағдайда, Компания Абонентпен жалған шақыру төленген сәтке дейін осы Шарт бойынша әрі қарай қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы. Қызмет Абонентте көлік құралын басқаруға жіберілген жүргізулердің санына шектеусіз тиісті ААЖМС полисі болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. Абонент қалауы бойынша Компания орындаушысына сапар кезінде көлік құралын басқаруға сенімхат берілуі мүмкін. Сенімхат үлгісі тиісті қызметке тапсырыс беру кезінде Компания операторларымен беріледі.

«Сау жүргізуші» қызметі шеңберінде Автомобильді Абоненттің қатысуымен Инцидент орын алған елді мекеннің әкімшілік шекарасынан 30 километр шегінде жылжытуға болады.

«Сау жүргізуші» қызметі Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде көп дегенді жылына 1 (бір) рет көрсетілуі мүмкін.

3.2.20 «Зияндарды қашықтан реттеу» – Абоненттің қатысуымен ЖКО немесе сақтандыру жағдайына қатысты құжаттарды дилерлік орталыққа - Серіктеске жеткізу. Компаниямен тартылған орындаушылармен қызмет көрсетілуі үшін Абонент атынан нотариалды немесе қарапайым жазбаша сенімхат талап етілуі мүмкін. Сенімхат үлгісі Абонентке талабы бойынша тиісті қызметке тапсырыс беру сәтінде беріледі.

3.2.21 «Автомобильді эвакуациялау» қызметі – төмендегілерді қамтитын эвакуациялау бойынша бірыңғай қызметтер кешені:

1) Инцидент орнына Эвакуаторды шығару;

2) Жартылай тиеу немесе қатты тіркеу арқылы Автомобильді Эвакуаторға тиеу;

3) Осы Шарт талаптарын, қолданыстағы заңнама талаптарын және Автомобиль пен Эвакуаторды пайдалану нұсқаулықтарын ескере отырып, Автомобильді Абонентпен көрсетілген (Инцидент бойынша бір рет жүгінген кезде бір орыннан артық емес) жерге, немесе Офертаның 3.2.21.1 және 3.2.21.2-тармақтарына сәйкес, Электромобильдерді зарядтау орнына дейін жеткізу;

4) эвакуацияланған Автомобильді түсіру.

Қызмет тәулік бойы және тек Компания орналасқан аймақта көрсетіледі (Компания орналасқан аймақтар тізімі Абонентке байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы қолжетімді). Қызмет тек Автомобиль бұзылған жағдайда көрсетіледі (ЖКО немесе Автомобильдің қатысуымен басқа Инцидент орын алған кезде). Бұл қызмет жарамды Автомобильге және/КҚ-ны МЖҚҚИ-на эвакуациялауға қатысты, соның ішінде Автомобильді есепке қою мақсатында көрсетілмейді.

3.2.21¹ «Заряды бітуге тақаған Электромобильді эвакуациялау» қызметі – Офертаның 3.2.21-тармағында келтірілген, Электромобиль эвакуатор көмегінсіз қозғалыс жасай алатын жағдайда, қозғалтқыш зарядының деңгейі 1%-дан 10%-ға дейінгі аралықта тұрған Электромобильге қатысты көрсетілетін қызметтер кешені. Орындаушы Электромобильді нақты Электромобильдің маркасы мен типіне сәйкес келетін ең жақын зарядтау станциясына жеткізеді. Клиент Орындаушыға сәйкес келетін ең жақын зарядтау станциясын таңдауға көмектесуге міндеттеледі. Электромобильді зарядтау станциясынан 50 метрден аспайтын радиуста түсіру керек. Қызмет Электромобильді түсіру процедурасы аяқталғаннан кейін көрсетілген болып саналады.

Қызметке тапсырыс беру кезінде Клиент Электромобиль қозғалтқышының ағымдағы заряд деңгейін хабарлауға міндетті.

3.2.21² **«Заряды біткен Электромобильді эвакуациялау» қызметі** – Офертаның 3.2.21-тармағында келтірілген, толық заряды біткен Электромобильге қатысты көрсетілетін қызметтер кешені.

Толық заряды біткен Электромобиль Электромобильге техникалық қызмет көрсетілетін ең жақын станцияға жеткізіледі.

Қызметке тапсырыс беру кезінде Клиент Электромобиль қозғалтқышының ағымдағы заряд деңгейін хабарлауға міндетті.

3.2.22 **«Заңгерлік кеңес» қызметі** – Компанияның операторлық қызметі күштерінің Компания дерекқорындағы анықтамалық ақпаратты тәулік бойғы режимде беруі. Заң көмегі келесі мәселелер бойынша көрсетіледі:

- 1) КҚ-ны тіркеу және есептен шығару;
- 2) ТҚК-дан өту;
- 3) ААЖМС/каска полистерін ресімдеу;
- 4) сақтандыру даулары;
- 5) ЖКО-ға байланысты мәселелер;
- 6) ЖҚЕ нормаларын, ережелері мен талаптарын түсіндіру мәселелері;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, медициналық куәландырудан өту туралы нұсқаулар;
- 8) көлік құралымен мәмілелер;
- 9) КҚ кедендік ресімдеу;
- 10) Автомобильге қызмет көрсету және жөндеу кезінде тұтынушы құқықтарын қорғау;
- 11) автомобиль құралын және көлік құралдарын пайдалану бойынша құқық қатынастарына қатысты өзге де мәселелер, соның ішінде құқық қорғау органдарымен және автомобиль және көлік құралдарын пайдалану саласындағы өзге де ұйымдармен өзара қатынастағы мәселелер.

3.2.23 **«Автомобильмен мәмілелер жасау кезіндегі заңгерлік кеңес» қызметі** – Компанияның операторлық қызмет күштерінің Автомобиль сатып алу-сату шартын жасауға байланысты мәселелер бойынша ақпарат беруі: шартты жасау, өзгерту, мерзімінен бұрын бұзу тәртібі; осындай шарттың жеке талаптарын құру ерекшеліктері.

3.2.24 **Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 15-бабы шеңберіндегі заңгерлік кеңес» қызметі** Компанияның операторлық қызмет күштерінің Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 15-бабының ережелерін қолдану мәселесі бойынша, яғни Автомобильде кемшіліктер анықталған жағдайда, Автомобильді сатып алу-сату шартынан бас тарту және сапасыз Автомобильді қайтару ықтималдығы бойынша ақпарат беруін, сондай-ақ Автомобильдің сатып алынған бағасын қайта есептеу кезінде көмек көрсетуді қамтиды.

3.4.10.1 **«Заряды біткен Электромобильді эвакуациялау» қызметі** – Офертаның 3.2.21-тармағында келтірілген, толық заряды біткен Электромобильге қатысты көрсетілетін қызметтер кешені.

3.2.25 **«Автомобильді МЖҚҚИ-ге тіркеудегі/есепке қоюдағы заң көмегі» қызметі** Абонентке Компанияның операторлық қызмет күштерінің Автомобильді Қазақстан Республикасының ПМ органдарында тіркеу/есепке қою ережелері мен ерекшеліктерін ауызша түрде түсіндіруін қамтиды.

3.3 Офертаның 3.2-тармағының 3.2.3, 3.2.4, 3.2.5, 3.2.23, 3.2.24, 3.2.25-тармақшаларында көрсетілген қызметтерді қоспағанда, Офертаның 3.2-тармағында келтірілген қызметтер Абонентке оның Сұрауы бойынша Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде және Тарифке енгізілген және Картада болған жағдайда ғана көрсетілуі мүмкін.

3.4 Офертаның 3.2-тармағының 3.2.3, 3.2.4, 3.2.5, 3.2.23, 3.2.24, 3.2.25-тармақшаларында көрсетілген қызметтер Абонентке оның Сұрауы бойынша тек бірінші Абоненттік кезеңнің әрекет ету мерзімі ішінде, яғни Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде көрсетілуі мүмкін. Офертаның 3.2-тармағының 3.2.3, 3.2.4, 3.2.5, 3.2.23, 3.2.24, 3.2.25-тармақшаларында көрсетілген қызметтер барлық Тарифтерге енгізіледі және Абонентке оның Сұрауы бойынша Картаны толтыруға енгізілген-енгізілмегеніне қарамастан көрсетілуі мүмкін.

3.5 Абонент талабы бойынша Тарифтер шеңберінде орындалатын кез келген жұмыстар соның көзінше және Қартаны, жеке басын растайтын құжатты, Автомобильді тіркеу туралы куәлікті (Автомобиль төлқұжаты немесе автомобильдің техникалық төлқұжаты) және осы Автомобильге ие болу заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда ғана орындалады.

Егер мұндай орындау Автомобильге Компания қызметкерлерінің және/немесе Серіктесінің қолжетімділігі шектеулі болуына байланысты қиын болса немесе мүмкін болмаса, Компания Тарифтер шеңберінде жүргізілетін кез келген жұмыстар мен қызметтерді толық немесе жартылай орындаудан бас тартуға құқылы; мұндай жұмыстарды орындау зиян келтіру қаупінің туындауына байланысты.

3.6 Егер мұндай салдарлар Компанияның кінәлі әрекеттерінен туындамаса, Компания Абонентке моральдық зиян, ұтылған пайда, тоқтап қалу, табыстан айрылғаны үшін және Абоненттерге де, үшінші тұлғаларға да басқа жанама және коммерциялық шығындар, зияндар келтірілгені үшін жауап бермейді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: айыппұлдар, Автомобильді жөндеу кезінде қонақ үйде тұру, іссапар шығындары, тауарларды және қызметтерді жеткізу мерзімдеріне байланысты шығындар және тағы басқалары.

3.7 Шартқа сәйкес, Компания төмендегі жағдайларда Абонентке жұмыстарды/қызметтерді орындау үшін жауап бермейді және бас тартуға құқылы:

1) Офертаның 3.6-тармағында көзделген салдарлардың орын алуға бағытталған Абоненттің, оның жолаушыларының қасақана әрекеттері, немесе аталған тұлғалардың қылмыс немесе басқа да құқыққа қайшы әрекет жасауы немесе жасауға тырысуы.

2) осы Автомобильді басқару рұқсат етілмеген,

- осы Автомобильге ие болу, пайдалану және/немесе басқару құқығын растайтын құжаттары жоқ,

- кез келген ішімдікке, есірткіге немесе уытқа мас күйдегі және/немесе Автомобильді басқару

кезінде пайдалануға болмайтын дәрілік препараттар әсеріндегі Абоненттің жүгінуі; сондай-ақ,

- Абоненттің «Сау жүргізуші» қызметіне тапсырыс берген жағдайды қоспағанда, Компания

Абонентінің медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуден бас тартуы;

- Абоненттік картасының әрекет ету мерзімі біткен; Шартпен көзделген басқа да шектеулер

қолданылған Абоненттің жүгінуі.

3) Абоненттің, үшінші тұлғалардың Компания қызметкеріне және/немесе Серіктесіне қатысты құқыққа қайшы әрекеттері, сондай-ақ уәкілетті лауазымдық тұлғалардың және/немесе өзге де тұлғалардың жұмысты орындауды тоқтатуды немесе оларды орындаудан бас тартуды заңды түрде талап етуі.

4) Автомобильдің Компания орналасқан аймақтан тыс болуы.

5) Автомобильді жарыстарда, сынақтарда, такси ретінде немесе көлік жүргізуді үйрену үшін қолдану;

6) Егер өзгесі Тараптардың қосымша келісімімен белгіленбесе, Автомобильді лизингке, жалға немесе кепілге беру.

7) Абоненттің немесе өзге тұлғаның Автомобиль өндірушісімен көзделген Автомобильді пайдалану ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін бұзуы, соның ішінде техникалық жарамсыз Автомобильді, белгіленген тәртіпте мемлекеттік техникалық тексеруден өтпеген Автомобильді қолдану, өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт қаупі және жарылыс қаупі бар және өзге де қауіпті заттарды және/немесе ауыр салмақтағы жүктер мен заттарды тасымалдау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын бұзуы, сондай-ақ қолданыстағы ААЖМС полисінің болмауы; ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақымдалу әсері; әскери іс-қимылдар, айлалар немесе өзге де әскери іс-шаралар, азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқыныстары немесе көтерілістер, мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша есептік ақпаратта көрсетілген Автомобильді кәмпескелеу, алу, иеліктен шығару, тыйым салу немесе жою.

3.8 Көрсету шеңберінде Абонентке және (немесе) онымен аталған Пайдаланушыға ауыстырылатын автомобиль (әрі қарай – Жүргізуші) берілетін қызметтер бойынша Жүргізуші белгіленген жол қозғалысы ережелерін сақтау міндетін көтереді. Егер Компания атына Жүргізушінің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік шаралары қолданылғаны туралы хабарлама келіп түссе, Компания Жүргізушіден Компания ұшыраған шығындарды және тиісті айыппұл төлеуін талап етуге құқылы.

3.9 Абонент өзі тартқан үшінші тұлғалардың – Карта Пайдаланушыларының Шартты орындамағаны және (немесе) тиісті түрде орындамағаны үшін және олардың әрекеттері (әрекетсіздіктері) үшін өзі жауап береді.

4-БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Абонент құқылы:

4.1.1 Компаниядан Тарифке және Шарт талаптарына сәйкес қызмет көрсетуін талап етуге.

4.1.2 Компанияға Компания қызметкерлері мен Серіктестерінің жұмысындағы барлық кемшіліктер туралы хабарлауға.

4.2 Абонент міндетті:

4.2.1 Шарт ережелерін ескере отырып, Компания қызметтеріне және Компаниямен берілген анықтамалық-кеңес беру ақпаратын, оның жемістері мен нәтижелеріне өзі тапсырыс беруге, сатып алуға және пайдалануға.

4.2.2 Өзі туралы деректердің растығын қамтамасыз етуге.

4.2.3 Қызметке және/немесе жұмысқа тапсырыс беру кезінде Компанияға және/немесе Компания Серіктесіне тапсырыс берілетін қызметтер немесе жұмыстар туралы, сондай-ақ оларды қажетті алу орны туралы толық әрі рас ақпаратты хабарлауға.

4.2.4 Тарифпен көзделген жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету басталмас бұрын Компания қызметкеріне және (немесе) Серіктесіне бірінші талап еткеннен Картаны, жеке басын растайтын құжатты, осы Автомобильді тіркеу туралы куәлікті, Автомобильге ие болу, пайдалану немесе басқару құқығын растайтын құжаттарды беруге.

4.2.5 Көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) мерзімдерін, көлемі мен сапасын уақытылы тексеруге және көрсетілген қызметтерді (орындалған жұмыстарды) қабылдауға.

4.2.6 Қызметтерді көрсету (жұмыстарды орындау) аяқталғаннан кейін Компания қызметкерімен және/немесе Серіктесімен ресімделетін барлық қажетті құжаттарға қол қоюға. Қызметтерді көрсету (жұмыстарды орындау) аяқталғаннан кейін ресімделетін деректермен келіспеген жағдайда, немесе қызметтер (жұмыстар) сапасына қанағаттанбаған жағдайда, ресімделетін құжаттарда өз шағымдарын жазбаша түрде білдіруге және бұл туралы дереу Компанияға +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16 телефоны арқылы хабарлауға.

4.2.7 Компания өкілдерімен, сондай-ақ Серіктестерімен көрсетілетін қызметтерге қатысты берілетін барлық ұсыныстарын орындауға.

4.2.8 Есепке алу деректерінде өзгерістер орын алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Компанияға есепке алу деректеріндегі өзі туралы барлық өзгерістерді хабарлауға. Абонент бұл міндетті белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, есепке алу деректері дұрыс деп саналады, және Компания есепке алу деректерінің нақты ақпаратқа сәйкес келмеу салдарлары үшін жауап бермейді.

4.2.9 Кез келген себеппен Картаны жоғалтып алған жағдайда, кез келген қолжетімді түрде Компанияға 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға. Бұл жағдайда Картаны қалпына келтіру Абонентпен Картаны қалпына келтірудің нақты құнына тең, бірақ кем дегенде 2 500 (екі мың бес жүз) теңге мөлшерінде айыппұл төленгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

4.2.10 Есепке алу ақпаратында көрсетілген Автомобильді жарамды күйде ұстауға, Автомобильге зиян келтіруге жол бермеу мақсатында сақтық шараларын қабылдауға.

4.3 Компания құқылы:

4.3.1 Сервиске енгізілген және Тарифпен көзделген қызметтер мен жұмыстарды өз күшімен де, Компания Серіктестерінің күшімен де көрсетуге. Компания тапсырмасы бойынша жұмысты (қызметті) үшінші тұлға көрсеткен жағдайда, нақты жұмыс (қызмет) орындаушысы туралы дұрыс ақпарат Абонентке Компанияның операторлық қызметі арқылы жеткізіледі.

4.3.2 Абонентпен берілген ақпаратты, сондай-ақ Абоненттің Шарт талаптарын орындауын тексеруге.

4.3.3 Зақымдалған Автомобильге тексеру және диагностика жүргізуге.

4.3.4 Мына жағдайларда Абонентке қызмет көрсетуден толық немесе жартылай бас тартуға:

1) Шарт жасау кезінде Абонентпен хабарланған есепке алу деректерінің Абонентпен тапсырыс беру, қызметтерді сатып алу және/немесе алу кезінде хабарланған және/немесе берілген деректерге сәйкес келмеуі, сондай-ақ, қызметтерге тапсырыс беру кезінде Компанияға және/немесе Компания Серіктесіне осындай қызметтердің қажетті сипаттамалары, немесе көлемі, қызметтерді алу орны мен уақыты туралы берілген ақпарат растығының сәйкес келмеуі;

2) Абоненттің және/немесе үшінші тұлғаның Абонент атынан және/немесе Абонент тапсырмасы бойынша Абонентпен Шарт жасау кезінде хабарланған Есепке алу деректерінде көрсетілгеннен басқа автомобильге немесе көлік құралына (тіркеу белгілері, сәйкестендіру нөмірлері және өзге де біліктілік белгілері басқа) қатысты қандай да бір әрекеттердің орындалуына тапсырыс беруі;

3) Абоненттің Шарт талаптарын бұзуы;

4) Абонентте Картаның болмауы;

5) егер қызметтерге тапсырыс беру немесе сатып алу қажеттілігі Абоненттің құқыққа қайшы мүдделерінен туындаса, сондай-ақ оларды орындау Компанияның қолданыстағы заңнама талаптарын, қоғамда қабылданған адамгершілік пен мораль нормаларын бұзу қажеттілігіне тікелей және/немесе нақты байланысты болатын жағдайларда.

6) Офертаның 3.7-тармағында көзделген жағдайларда.

4.3 Компания міндетті:

4.4.1 Абонентке Шартты жасар алдында Интернет желісіндегі Компания сайтында жариялау арқылы онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

4.4.2 Абонентке қызметтердің Шарт талаптарына, қолданыстағы заңнама талаптарына және азаматтық айналым жағдайларында осындай қызметтерге қойылатын талаптарға сәйкес көлемде, тәртіпте және сапада берілуін қамтамасыз етуге.

4.4.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Абонент туралы мәліметтерді жария етпеуге. Компания Абонент туралы мәліметтерді Серіктестеріне Шартты орындау мақсатында қажет болған кезде Серіктеспен жасалған Шартта көзделген талаптарда, көлемде және тәртіпте хабарлау құқығын өзіне қалдырады.

4.4.4 Абонентке Интернет желісіндегі Компания сайтында жариялау арқылы Абонент пен Компания арасында жасалған Шарт талаптарындағы барлық өзгертулер туралы хабарлауға.

5-БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ. ШАРТ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

5.1 Шарт Картада көрсетілген Абоненттік төлем төленген сәтте жасалған болып саналады және Картада көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді. Егер Картада Шарттың әрекет ету мерзімі көрсетілмесе, Шарт бір жылға жасалған болып саналады.

5.2 Шарттың әрекет ету мерзімі Абоненттік кезеңдерге бөлінген, олардың әрқайсысы бір айға тең. Бірінші Абоненттік кезең Шарт жасалған сәтте басталады.

5.3 Абоненттік төлем Картада көрсетіледі және барлық Абоненттік кезеңдер үшін жиынтық төлемді құрайды. Картаға енгізілген жұмыстар (қызметтер) көлемі, сондай-ақ Компания серіктестерінің делдалдық қызметтерінің құны басқаша болуына байланысты, барлық Абоненттер үшін Оферта акцепті негізінде жасалататын шарттарды құнын анықтаудың бірыңғай әрі бірдей тәртібін сақтау мақсатында әр Абоненттік кезең құны келесідей есептеледі:

1) Бірінші Абоненттік кезең үшін төлем абоненттік төлемнің 30%-ын құрайды;

2) Бірінші Абоненттік кезеңнен кейінгі барлық Абоненттік кезеңдер үшін төлем Абоненттік төлемнің 70%-ын құрайды. Бұл ретте Шарт жасалған мерзімге қарай, Офертаның осы тармағында келтірілген ақы бірінші Абоненттік кезеңді қоспағанда, барлық Абоненттік кезеңдер арасындағы төлеу шотына пропорционалды түрде бөлінеді.

5.4 Абоненттік төлем Шарт жасау кезінде Компания (Компания Серіктесінің) кассасына қолма-қол ақшамен немесе Компанияның (Компания Серіктесінің) есептік шотына ақшалай қаражат аудару

арқылы енгізіледі.

5.5 Оферта 3-бөлімде көзделмеген, бірақ Абонентке нақты көрсетілетін қызметтерді (қосымша қызметтерді) көрсету құны мен тәртібін реттемейді. Абонент осындай қызметтерге, немесе Тарифке кірмейтін қызметтерге жүгінген жағдайда, олардың құны мен көрсетілу тәртібі Компаниямен қолданыстағы преискурантқа сәйкес белгіленеді.

5.6 Оферта негізінде жасалатын шарттардың құнын есептеу мысалы Шарттың № 1 Қосымшасында келтірілген. № 1 Қосымшада келтірілген мысал Тараптармен келісілген Шарт бағасы туралы талап болып табылмайды және тек Офертаның 5-бөлімінде көрсетілген есептеу әдісін көрсету мақсатында келтірілген.

6-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІ

6.1 Компаниямен Шарт жасай отырып, Абонент Компанияға Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын орындау мақсатында өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімен береді және өңдеуді тапсырады, соның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы; төлқұжат деректері, соның ішінде тіркелген мекенжайы; отбасылық мәртебесі туралы мәліметтер; қаржылық жағдайы, қарызы (несие тарихы) туралы мәліметтер; еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметі және алатын табыстары туралы мәліметтер.

6.2 Абонент дербес деректерін өңдеуге, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, дербес деректерін жинауға, жүйелендіруге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге) дара биліктен айыруға, бұғаттауға, жоюға, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте әрі қарай өңдеу мақсатында беруге (жинауды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді қоса алғанда), пайдалануға, дара биліктен айыруға, бұғаттауға, жоюға беруге өз келісімін береді (өкілдерінің келісуін қамтамасыз етеді).

6.3 Аталған дербес деректер Компанияның өзара іс-қимылдарын жақсартуға бағытталған зерттеулер жүргізу үшін, маркетингтік бағдарламалар, статистикалық зерттеулер жүргізу үшін, сондай-ақ әртүрлі байланыс құралдары арқылы, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, пошта жөнелтімі, электрондық пошта, телефон, факсимильді байланыс, Интернет желісі арқылы Абонентпен тікелей байланыстарды жүзеге асыра отырып, қызметтерді нарықта жылжыту үшін қолданылуы мүмкін. Абонент Компанияға өз дербес деректерін дерекқорларды басқаруға арналған автоматтандырылған жүйелер көмегімен, сондай-ақ Компания тапсырмасы бойынша арнайы әзірленген өзге де бағдарламалық құралдар көмегімен өңдеуге өз келісімін береді және рұқсат етеді. Мұндай жүйелермен жұмыс Компаниямен ұйғарылған алгоритм (жинау, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау, пайдалану, бұғаттау, жою) бойынша жүзеге асырылады. Егер бұл осы Шартта келтірілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет болса, Абонент өзінің дербес деректері үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін екенімен келіседі, оларға Компания Қазақстан Республикасының осындай үшінші тұлғалардың дербес деректердің құпиялылығын және өңдеу кезінде қауіпсіздігін сақтауын қамтамасыз ету туралы талаптарын сақтау шартымен, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын, заңға тәуелді актілерді, Қазақстан Республикасының басқа, дербес деректерді өңдеу жағдайлары мен ерекшеліктерін Абоненттің дербес деректерін өңдеуді тапсыра алады. Абоненттің дербес деректерін өңдеуге берілген келісімі Өтініште көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді, бірақ бәрібір 10 (он) жылдан аспайды және оны Абонент кез келген уақытта Офертаның 7-бөліміне сәйкес, Компания атына жазбаша өтініш жіберу арқылы қайтарып ала алады.

7-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шарт шеңберінде қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

7.2 Егер Оферта мазмұны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына қайшы келсе, Оферта аталған құқық нормаларына сәйкес келтірілуі тиіс.

7.3 Егер өзгертулер Тараптардың құқықтары мен (немесе) міндеттеріне қозғамаса және Компания жауапкершілігінің төмендеуіне алып келмесе ғана, Компания біржақты тәртіпте Оферта мазмұнына өзгертулер енгізуге құқылы.

Тиісті өзгертулер Компания сайтында осындай өзгертулер (Офертаның жаңа редакциясы)

жарияланған күннен бастап Тараптар мен үшінші тұлғалардың назарына жеткізілген болып саналады.

7.4 Тараптардың құқықтары мен (немесе) міндеттері өзгертін Офертаның жаңа редакциясы қабылданған жағдайда, Офертаның жаңа редакциясының ережелері Компаниямен Компания сайтында Офертаның жаңа редакциясы жарияланған күнге дейін шарт жасаған Абоненттерге қатысты қолданылмайды. Егер осындай өзгертулер енгізілген болса, аталған жағдайда Тараптарға қатысты Офертаның 7.3-тармағында көзделген тәртіпте өзгертулер енгізілген Шарт жасалған күні жарамды болған Оферта редакциясы қолданылуы тиіс.

7.5 Тараптар араларында Шарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты туындаған барлық келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттейді.

7.6 Шарт шеңберінде заңды маңызы бар хабарламаларды жолдаудың тиісті тәсілі Тараптардың бір-біріне Тараптардың мекенжайларын көрсете отырып, тіркелетін тапсырысты пошта жөнелтімдерін жіберуі болып танылады (Компания мекенжайы оның орналасқан жері болып саналады). Бір Тараппен екінші Тарапқа жолданатын талапқа (шағымға) тиісті Тараппен қол қойылуы немесе Тараппен уәкілеттік берілген үшінші тұлғамен қол қойылуы тиіс.

Заңды маңызы бар хабарламалармен, соның ішінде дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінде жолданатын шағым-талаптармен электрондық байланыс арналары, сондай-ақ телефон байланысы арқылы алмасуға жол берілмейді.

7.7 Шағымға жауап беру мерзімі шағым екінші Тараппен алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнді құрайды.

7.8 Шартпен көзделмеген басқа барлық жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама ережелерін басшылыққа алады.